



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 8D01605 –Қазақстанның жаңа әлеуметтік тарихы

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Ғылыми-кәсіби және жан-жақты құзыретті, мәдениаралық байланыс және тарихи-ғылымның әлемдік тенденциялар жағдайында инновациялық және ғылыми зерттеу қызметін жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті педагог-тарихшы дайындау
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ	Кәсіби Тарихи біліммен байланысты ғылыми-зерттеу қызметі, мемлекеттік реттеу

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1- «Тарих» пәні мен кәсіптік-педагогикалық саласы туралы жүйелі түсінігін көрсетеді, қазіргі заманғы тарих ғылымында қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістеріне ие;

ОН2 - қазіргі және соңғы кезеңдегі Қазақстанның мәдени-әлеуметтік тарихының белгілі бір кезеңіне байланысты зерттеулерді жоспарлайды және жүргізеді, пәнаралық және транспәнаралық зерттеулердің әдістері мен тәжірибелерін қолданады;

ОН3- жаңа және күрделі идеяларды синтездей отырып, тарихи ғылымдар саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдамаларды сыни тұрғыдан талдайды, бағалайды және салыстырады;

ОН4- өзінің жаңа ғылыми болжамдарын жасайды, білімінің шекарасын кеңейте отырып өз тұжырымдары мен нәтижелерін ғылыми қоғамдастыққа және кең жұртшылыққа ұсынады;

ОН5 – Қазақстанның жаңа әлеуметтік тарихы бойынша әртүрлі тарихи дерек көздерін, оның ішінде баяндау, көрнекілік, статистикалық және басқаларын қарастырады, алынған деректер бойынша салыстырмалы талдауды іске асырады;

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН6- жеке білім мен кәсіби өсуге ықпал ететін сыни және креативті ойлауды, оқыту және бағалау стратегияларын қолдана отырып, білім беру ресурстарына талдау жасайды;

ОН7 - шет тілінде ақпараттар жинау және ғылыми нәтижелерді тестілеу, белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін оқытудың жаңа технологияларын (соның ішінде АКТ және мультимедиялық бағдарламалар мен интернет-ресурстарды) қолданады, ғылыми жетекшінің және ғылыми кеңесшінің жетекшілігімен өткізілетін хабарламаларды, рефераттарды, баяндамаларды талқылауға, сонымен қатар оқу-тәжірибелік сабақтарының әр түрлі формаларына қатыса алады;

ОН8- қоғамның әртүрлі әлеуметтік топтарының қалыптасу тарихын, олардың экономикалық және мәдени құрылымдар мен үрдістердегі қатынастары жаңа және қазіргі, сонымен қатар бүгінгі кезеңдегі Қазақстанның тарихи даму барысына әсерін саралай алады;

ОН9- мәтінді семантикалық, коммуникативті талдау әдістерін қолданады;өзінің кәсіби ақпарат саласына қатысты мәтіннің стилистикалық және жанрлық байланысын анықтайды.